



# «Береке» МҚҰ» ЖШС-інің микрокредиттерді ұсыну ережелері

## I. Жалпы ережелер

1.1 «Береке» МҚҰ» ЖШС-інің (бұдан әрі мәтін бойынша - «Береке») микрокредиттерді ұсынудың осы ережелері Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 26 қарашадағы «Микроқаржылық қызмет туралы» Заңының талаптарына, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2019 жылғы 28 қарашадағы №215 «Микроқаржылық ұйымның қарыз алушысының борышқорлық жүктемесінің коэффициентін есептеу қағидалары», 2019 жылғы 26 қарашадағы №209 «Микрокредит ұсыну туралы шарт бойынша сыйақының шекті мәнін белгілеу туралы», 2019 жылғы 26 қарашадағы №210 «Микрокредит алуға қажетті құжаттардың тізбесін, сондай-ақ Микрокредит ұсыну туралы шарт бойынша кредиттік досье жүргізу қағидаларын бекіту туралы», 2019 жылғы 29 қарашадағы №232 «Микрокредит ұсыну шартын жасау тәртібін, соның ішінде Микрокредит ұсыну шартының мазмұнына, рәсімделуіне, міндетті шарттарына қойылатын талаптарды, микрокредитті өтеу кестесінің нысанын бекіту туралы», Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2020 жылғы 19 қазандағы № 102 қаулысына сәйкес өзгерістер мен толықтырулар талаптарына сәйкес әзірленді.

1.2. Осы ережелер «Берекенің» микрокредиттерді ұсынуының тәртібін, шарттарын, негізгі қағидадарын белгілейді.

1.3. «Берекенің» қарыз алушыларына микрокредиттерді ұсыну шарттары «Ішкі кредит саясатымен» белгіленеді.

1.4. «Береке» кредит өнімдерін: жеке микрокредиттер, жеке микрокредиттер (кредит желісі), топтық микрокредиттер, қызметкерлерді кредиттеуді ұсынады.

1.5. Микрокредиттер жылжымайтын/жылжымалы мүлік кепіліне, үшінші тұлғалардың кепілдігіне және қамсыздандырусыз берілуі мүмкін.

1.6. «Береке» микрокредитті ақылылық, қайтарымдылық, мерзімділік, қамтамасыз етілу шарттарымен және микрокредит ұсыну туралы шартта белгіленетін басқа талаптармен ұсынады.

1.7. Микрокредиттер ҚР ұлттық валютасымен – теңгемен ұсынылады.

1.8. Микрокредиттің өтелуі тек ҚР ұлттық валютасымен – теңгемен ғана жүзеге асырылады.

## II. Өтініш берушінің микрокредитті қарастыру туралы өтініш беруінің тәртібі және оны қарастыру тәртібі

2.1. Ықтимал қарыз алушы «Берекеге» алғашқы рет келген кезде, кредит маманы микрокредиттің түрлері мен шарттары туралы алдын ала кеңес береді.

2.2. Кредит маманы ықтимал қарыз алушының қарыз алушылардың мақсатты тобына сәйкес келуін анықтайды, оған микрокредит алуға және қызмет көрсетуге байланысты шығындар туралы, сондай-ақ болжалды кредит бойынша ай сайынғы жарна мөлшері туралы хабарлайды.

2.3. Қарыз алушы осы Ережелердің III бөлімінде көрсетілген қажетті құжаттарды ұсынады және кредит беру бойынша шешім қабылдау үшін қажетті өтінім мен басқа бланкілерді толтырады.

2.4. Микрокредит ұсыну туралы шарт жасамас бұрын, кредит маманы ықтимал қарыз алушыға микрокредит өтеу әдісін таңдау және танысу үшін келесі өтеу әдістерімен есептелген өтеу кестелерінің жобаларын ұсынады:

- дифференциалды төлемдер әдісі, онда микрокредит бойынша берешекті өтеу негізгі борыш

бойынша төлемдердің тең сомаларын және кезең үшін негізгі борыштың қалдығына есептелген сыйақыны қамтитын азаймалы төлемдермен жүзеге асырылады;

- аннуитеттік төлемдер әдісі, онда микрокредит бойынша берешекті өтеу негізгі борыш бойынша ұлғаймалы төлемдерді және кезең үшін негізгі борыштың қалдығына есептелген сыйақы бойынша азаймалы төлемдерді қамтитын микрокредиттің бүкіл мерзімі ішінде тең төлемдермен жүзеге асырылады. Бірінші және соңғы төлемдердің мөлшері басқалардан өзгеше болуы мүмкін.

Микроқаржылық ұйым микрокредиттерді ұсыну ережелеріне сәйкес есептелген микрокредиттерді өтеу кестелерінің қосымша жобаларын ұсына алады. Өтеу әдісін клиент микрокредит алғанға дейін таңдап алады.

2.5. «Береке» кредит маманы қарыз алушының берген алдын ала мәліметтері жалған болып табылса, кредит өтінімін қараудан бас тартуға құқылы.

2.6. Алдын-ала кеңес беру және құжаттар жинау бойынша кейінгі жұмыс «Берекені» микрокредит беруге міндеттемейді.

2.7. Кредит маманы ықтимал қарыз алушының өтінімін өзінің алдын ала шешімімен бірге, микрокредит ұсыну туралы түпкілікті шешім қабылдау үшін кредит комитетінің қарауына ұсынады.

2.8. Микрокредит ұсыну немесе ұсынадан бас тарту туралы шешімді «Берекенің» алқалық органы – Кредит комитеті қабылдайды.

2.11. Кредит комитетінің шешімі оң болған жағдайда және тиісті түрде рәсімделген барлық құжаттар ұсынылған жағдайда, тараптар микрокредит ұсыну туралы шартқа қол қояды. Қарыз алушының шотына қаражат микрокредит ұсыну туралы шарт жасалғаннан кейін аударылады.

2.12. Мақсатты микрокредит ұсынылған жағдайда, «Береке» оның мақсатты пайдаланылуын әр түрлі тәсілдермен бақылап отыруға құқылы, оның ішінде құжаттарды тексеруге, бизнес орнына баруға құқылы және қарыз алушы «Берекенің» осындай бақылауды жүзеге асыра алатындығын қамтамасыз етуге міндетті қажет.

### **III. Микрокредит алу үшін қажетті құжаттар тізімі**

Микрокредит алу үшін өтініш беруші-жеке тұлға келесі құжаттарды ұсынады:

3.1. микрокредитті пайдалану мақсаты туралы (мақсатты микрокредит берілген жағдайда), өтініш берушінің микрокредитті өтеу және сыйақыны төлеу бойынша міндеттемелерді орындауын қамтамасыз ету үшін ұсынылған мүліктің құнын көрсете отырып, бұл мүлік туралы немесе қамсыздандырудың жоқтығы туралы мәліметі бар өтініш;

3.2. өтініш берушінің жеке басын куәландыратын құжат (өтініш берушінің жеке басын куәландыратын, оның тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) көрсетілген құжат туралы мәліметтер), жеке сәйкестендіру нөмірі, туған күні, құжат нөмірі, құжат берген орган, құжаттың берілген күні және қолданылу мерзімі);

3.3. егер ұсынылатын микрокредит мүлік кепілімен қамтамасыз етілсе, кепіл туралы шарт; мүлікке меншік құқығын растайтын құжаттардың көшірмелері, ал мүлік кепілінің міндетті тіркелуі жағдайында, мүлік кепілін тіркеу туралы куәлік;

3.4. қарыз алушының борышқорлық жүктеме коэффициентін есептеу үшін қажетті құжаттар мен мәліметтер, сондай-ақ бұлардың есебінен өтеу жүзеге асырылатын табыс көздерін растайтын басқа құжаттар;

3.5. қарыз алушының ол туралы ақпаратты кредит бюросына беруге келісімі, сондай-ақ қарыз алушының кредиттік есеп алушыға кредиттік есеп беруге келісімі.

### **IV. Микрокредит ұсыну туралы шарт жасау тәртібі**

Микрокредит ұсыну туралы шарт мемлекеттік және орыс тілдерінде 3 (үш) данада жасалады, біреуі қарыз алушы үшін, екеуі «Береке» үшін.

Микрокредит ұсыну туралы шарт уәкілетті органның нормативтік актісінде белгіленген міндетті шарттардың тізбесін қамтиды.

Микрокредит беру туралы қосылу шарт , МҚҰ [www.bereke.kz](http://www.bereke.kz) интернет-ресурсында жарияланған МҚҰ Басқармасымен бекітілген (04.12.2020 ж. №17 хаттама), Қосылу шартына Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 389-бабына сәйкес жасалды.

Ықтимал қарыз алушы микрокредит ұсыну туралы шарт пен қарыз алушының ол бойынша

міндеттемелерінің орындалуын қамтамасыз ететін шарт жасау үшін қажетті құжаттар мен мәліметтерді «Берекеге» ұсынады.

Микрокредит ұсыну туралы шарт Қазақстан Республикасының «Микроқаржылық қызмет туралы» Заңында көзделген құжаттардың ең аз пакеті міндетті ұсынылған жағдайда ғана жасалуы мүмкін:

1) микрокредитті пайдалану мақсаты туралы (мақсатты микрокредит берілген жағдайда), өтініш берушінің микрокредитті өтеу және сыйақыны төлеу бойынша міндеттемелерді орындауын қамтамасыз ету үшін ұсынылған мүліктің құнын көрсете отырып, бұл мүлік туралы немесе қамсыздандырудың жоқтығы туралы мәліметі бар өтініш;

2) жеке тұлға-қарыз алушының жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;

3) мүлікке меншік құқығын (басқа құқықтарды) растайтын құжаттардың түпнұсқалары.

Ол бойынша міндеттеменің орындалуы кепілдікпен қамсыздандырылған микрокредит бойынша:

жеке тұлға – кепілгердің жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі.

## **V. Микрокредиттерді ұсыну мерзімдері мен сомалары**

5.1 «Береке» бір қарыз алушыға айлық есептік көрсеткіштің 20 000 (жиырма мың еселік) мөлшерінен аспайтын мөлшердегі микрокредиттер ұсынады.

5.2 Микрокредиттердің ең үлкен және ең аз сомалары мен мерзімдері әр өнім үшін, кепілмен қамсыздандыруға, микрокредит сомасына, қарыз алушының кредит тарихына байланысты бөлек белгіленеді.

5.3 Қарыз алушыларға микрокредиттерді ұсыну мерзімі – 2 айдан 60 айға (қоса) дейін.

## **VI. Микрокредитті пайдалану үшін сыйақы мөлшерлемелерінің шекті шамалары**

6.1. Кредит өніміне байланысты ең үлкен жылдық тиімді мөлшерлеме 56% дейін өзгеруі мүмкін.

6.2. Сыйақы мөлшерлемелерін «Берекені» уәкілетті органы кредит өнімдері бойынша жеке белгілейді.

6.3. Бұрын берілген кредиттер бойынша сыйақы мөлшерлемелері «Берекенің» уәкілетті органының шешімі негізінде өзгертілуі мүмкін.

## **VII. Ұсынылған микрокредит бойынша сыйақы төлеу тәртібі**

7.1. Қарыз алушы ұсынылған микрокредитті пайдаланғаны үшін сыйақыны микрокредит ұсыну туралы шартта белгіленген мөлшерде және мерзім ішінде төлеуге міндеттенеді. Қарыз алушының микрокредитті пайдаланғаны үшін сыйақы төлеуі микрокредит ұсыну туралы шартқа қоса берілген өтеу кестесіне сәйкес жүзеге асырылады.

7.2. Ұсынылған микрокредитті пайдаланғаны үшін сыйақы мөлшерлемесі микрокредитті ұсыну мерзіміне байланыссыз, жылмен есептегендегі түрде көрсетіледі.

7.3. Микрокредит бойынша сыйақы микрокредитті пайдаланған нақты күндердің саны негізінде есептеледі және 360 күнге тең күнтізбелік жыл мен 30 күндік ай негізінде есептеледі.

7.4 Қарыз алушының микрокредитті пайдаланғаны үшін сыйақыны, сондай-ақ микрокредитті төлеуі өтеу кестесіне сәйкес жүзеге асырылады.

7.5. Кезекті төлемді өтеудің мерзімін өткізіп алған жағдайда, микрокредит ұсыну туралы шарттың талаптарына сәйкес мерзімді өткізіп алғаны үшін өсімпұл есептеледі.

7.6. Жеке тұлғамен жасалған Микрокредит ұсыну туралы шарт бойынша қарыз алушы жасаған төлем сомасы, егер ол қарыз алушының Микрокредит ұсыну туралы шарт бойынша міндеттемелерін орындау үшін жеткіліксіз болса, қарыз алушының берешегін келесі кезектілікпен өтейді:

1) негізгі борыш бойынша берешек;

2) сыйақы бойынша берешек;

3) микрокредит ұсыну туралы шартта белгіленген мөлшердегі тұрақсыздық айыбы (айыппұл, өсімпұл);

4) ағымдағы төлем кезеңі үшін негізгі борыштың сомасы;

5) ағымдағы төлем кезеңі үшін есептелген сыйақы;

6) микроқаржылық ұйымның орындауды алу бойынша шығындары.

### **VIII. Микроқаржылық ұйыммен қабылданатын қамсыздандыруға қойылатын талаптар**

- 8.1 Қарыз алушының микрокредит ұсыну туралы шарт бойынша міндеттемелерді орындауы кепілмен және / немесе кепілдікпен қамтамасыз етіледі.
- 8.2 «Береке» алдында толықтай қарыз алушымен ортақ жауап беретін жеке тұлға кепілгер бола алады.
- 8.3 Ықтимал кепілгерге қатысты, оның қарыз алушының міндеттемелері бойынша жауап бере алатындығын анықтау үшін төлем қабілеттілігіне қысқаша талдау жасалады.
- 8.4 Қарыз алушының өзі де, үшінші тұлға – жеке немесе заңды тұлға да кепіл беруші бола алады.
- 8.5 Кепіл ретінде «Берекенің» қалауы бойынша жылжымайтын және жылжымалы мүлік қабылдануы мүмкін.
- 8.6 «Береке» кепілдің келесі түрлерін қабылдайды: коммерциялық және коммерциялық емес жылжымайтын мүлік, көлік құралдары, тауарлық-материалдық босалқы қорлар, жеке меншік, мал, ауылшаруашылық техникасы, жабдық.
- 8.7 Ұсынылатын кепілді мүлікке меншік құқығы қолданыстағы заңнамада белгіленген тәртіппен рәсімделуі тиіс.
- 8.8 Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда мемлекеттік тіркеуге жататын кепіл шарты осы мүлікті мемлекеттік тіркеуді жүзеге асыратын органда тіркелуі тиіс.

### **IX. Сыйақының жылдық тиімді мөлшерлемесін есептеу ережелері**

- 9.1. Жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесі – бұл микрокредитті ұсыну, қызмет көрсету және өтеу (қайтару) үшін клиент «Берекеге» төлеуі тиіс сыйақының жалпы сомасын, бар болса – комиссиялық алымдарды және басқа төлемдерді ескере отырып есептелетін, микрокредит бойынша сенімді, жылдық, тиімді, салыстырмалы тұрғыда есептелген сыйақы мөлшерлемесі.
- 9.2. Микрокредит бойынша жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесінің мөлшері уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленген шекті мөлшерден аспауы керек.
- 9.3. Микрокредит ұсыну туралы әрбір шартта номиналды сыйақы мөлшерлемесі, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкімен белгіленген ең үлкен жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесінен аспайтын жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесі міндетті түрде көрсетілуі керек. Жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесін есептеу тәртібі Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің нормативтік құжаттарымен белгіленген, келесі формула бойынша есептеледі:

$$\sum_{j=1}^n \frac{S_j}{(1 + APR)^{tj/365}} = \sum_{i=1}^m \frac{P_i}{(1 + APR)^{ti/365}}$$

мұнда:

n – қарыз алушыға соңғы төлемнің рет саны;

j - қарыз алушыға төлемнің рет саны;

S<sub>j</sub> - қарыз алушыға j-ші төлемнің сомасы;

APR - жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесі;

t<sub>j</sub> - микрокредит ұсынылған күннен бастап қарыз алушыға j-ші төлемнің сәтіне дейінгі уақыт аралығы (күнмен);

m - қарыз алушының соңғы төлемінің рет саны;

i - қарыз алушының төлемінің рет саны;

P<sub>i</sub> - қарыз алушының i-ші төлемінің сомасы;

t<sub>i</sub> - микрокредит ұсынылған күннен бастап қарыз алушының i-ші төлемінің сәтіне дейінгі уақыт аралығы (күнмен).

9.4. Егер жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесін есептеу кезінде алынған санда бірден артық ондық таңба болса, ол келесідей ондық бөлшекке дейін дөңгелектенуге жатады:

- 1) егер жүздік бөлшек 5-тен үлкен болса немесе оған тең болса, оныншы бөлшек 1-ге көбейеді, одан кейінгі барлық таңбалар алынып тасталады;
- 2) егер жүздік бөлшек 5-тен аз болса, оныншы бөлшек өзгеріссіз қалады, одан кейінгі барлық таңбалар алынып тасталады.

9.5. Микрокредит бойынша жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесін есептеуге қарыз алушының микрокредит ұсыну туралы шарттың негізгі борышты және (немесе) сыйақыны төлеу бойынша талаптарын сақтамауынан туындаған төлемдер (айыппұлдар, өсімпұлдар) қоспағанда, қарыз алушының барлық төлемдері кіреді.

9.6. Егер қарыз алушының ақшалай міндеттемелерінің сомасын (мөлшерін) және (немесе) оларды төлеу мерзімін өзгертуге әкеп соқтыратын микрокредит ұсыну туралы шарт талаптары өзгертілсе, сыйақының жылдық тиімді пайыздық мөлшерлемесінің нақты құнын есептеу, қарыз алушы микрокредит ұсыну туралы шарттың қолданылу мерзімінің басынан бастап төлеген микрокредит төлемдерін есепке алмағанда, шарт талаптары өзгертін күніндегі берешектің қалдығы, микрокредит өтеудің қалған мерзімі негізінде жүзеге асырылады.

9.7. Қарыз алушымен Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2019 жылғы 26 қарашадағы №208 қаулысымен бекітілген, Ұсынылған микрокредиттер бойынша сыйақының жылдық тиімді мөлшерлемесін есептеу ережесі күшіне енгенге дейін жасалған, онда сыйақының жылдық тиімді мөлшерлемесінің мәні көрсетілмеген микрокредит ұсыну туралы қолданыстағы шарт бойынша, микрокредит ұсыну туралы шартқа өзгертулер мен толықтырулар, оның ішінде қарыз алушының өтініші бойынша енгізілген жағдайда, сыйақының жылдық тиімді мөлшерлемесі 9.6-тармақта көрсетілген жағдайларда, микрокредит ұсыну туралы шарт талаптары өзгертін күнінде, қалған жағдайларда – микрокредит ұсыну туралы шарт жасалған күнінде микрокредит ұсыну туралы шарттың қосымша келісімінде көрсетіледі.

#### **X. Микрокредитті берумен және оған қызмет көрсетумен байланысты комиссиялар мен басқа төлемдер тізімі**

10.1. МҚҰ микрокредит алумен, пайдаланумен және өтеумен (қайтарумен) байланысты комиссияларды алмайды, алайда микрокредитті қарыз алушының шотынан немесе топ қазынашысының шотынан қолма-қол ақша етіп шешіп алған кезде, Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінің пайдасына микрокредиттің жалпы сомасының 1%-ынан аспайтын комиссия алынады.

10.2. Кредит өтеген кезде, екінші деңгейдегі банктердің тарифтеріне, «Kassa24» төлем сервисінің терминалдарының және төлеу интернет-сервисінің «Жеке кассасының» тарифтеріне сәйкес комиссия алынады, оны қарыз алушы өзі төлейді.

10.3. Сыйақының жылдық тиімді мөлшерлемесін есептеу кезінде ескерілетін, жеке тұлғаға берілетін, микрокредит ұсынумен және қызмет көрсетумен байланысты комиссиялар мен басқа төлемдер келесі комиссияларды және басқа төлемдерді қамтиды:

- қарыз алушының кепілдік (кепілгерлік) алу үшін гарантқа (кепілгерге), кепілге берілетін мүлікті бағалау үшін бағалаушыға төлейтін төлемдері, кепілді тіркегені үшін төлемі, нотариус қызметтеріне ақы төлеу және кепілді тіркеуге байланысты басқа төлемдері;
- микроқаржылық ұйымның клиенттерінен микрокредиттерді өтеу есебіне төлемдер мен аударымдарды алатын ұйымдардың (делдалдардың) пайдасына төлейтін төлемдер.

#### **XI. Қорытынды ережелер**

11.1. Осы Ережелер 5 парақта жасалды және ашық ақпарат болып табылады.

11.2. «Береке» осы Ережелерге өзгертулер мен толықтыруларды біржақты тәртіппен енгізуге құқылы.

11.3. Осы Ережелердің көшірмесі оны көруге және онымен танысуға болатындай, «Берекенің» интернет-ресурсында [www.bereke.kz](http://www.bereke.kz), «Береке» кеңселерінде орналастырылуға жатады.



# Правила предоставления микрокредитов ТОО «МФО «Береке».

## І. Общие положения

1.1 Настоящие Правила предоставления микрокредитов ТОО «МФО «Береке» (далее по тексту «Береке»), разработаны в соответствии с требованиями Закона Республики Казахстан 26 ноября 2012 года «О микрофинансовой деятельности», Постановления Правления Национального Банка Республики Казахстан от 28 ноября 2019 года № 215 «Правила расчета коэффициента долговой нагрузки заемщика микрофинансовой организации», от 26 ноября 2019 года № 209 «Об установлении предельного значения вознаграждения по договору о предоставлении микрокредита», от 26 ноября 2019 года № 210 « Об утверждении Перечня документов, необходимых для получения микрокредита, а также Правил ведения кредитного досье по договору о предоставлении микрокредита», от 29 ноября 2019 года № 232 «Об утверждении Порядка заключения договора о предоставлении микрокредита, в том числе требований к содержанию, оформлению, обязательным условиям договора о предоставлении микрокредита, формы графика погашения микрокредита», с изменениями и дополнениями согласно Постановления Правления Национального Банка Республики Казахстан №102 от 19 октября 2020г.

1.2. Настоящие правила определяют порядок, условия, основные принципы предоставления микрокредитов «Береке».

1.3. Условия предоставления микрокредитов заемщикам «Береке» определяются «Внутренней кредитной политикой».

1.4. «Береке» предлагает кредитные продукты: индивидуальные микрокредиты, индивидуальные микрокредиты (кредитная линия), групповые микрокредиты, кредитование сотрудников.

1.5. Микрокредиты могут быть выданы под залог движимого/недвижимого, гарантии 3-их лиц и без обеспечения.

1.6. «Береке» предоставляет микрокредит на условиях платности, возвратности, срочности, обеспеченности, целевого использования и на других условиях, определяемых договором о предоставлении микрокредита.

1.7. Микрокредиты предоставляются в национальной валюте РК - в тенге.

1.8. Погашение микрокредита производится только в национальной валюте РК – в тенге.

## ІІ. Порядок подачи заявления рассмотрение микрокредита заявителем и порядок его рассмотрения.

2.1. При первичном обращении потенциального заемщика в «Береке», кредитный специалист проводит предварительную консультацию по видам и условиям микрокредитования.

2.2. Кредитный специалист определяет соответствие потенциального заемщика целевой группе заемщиков, информирует о его затратах, связанных с получением и обслуживанием микрокредита, а также о размерах ежемесячного взноса по предполагаемому микрокредиту.

2.3. Заемщик предоставляет необходимые документы, указанные в разделе III настоящих Правил и заполняет заявку и другие бланки, необходимые для принятия решения по кредитованию.

2.4. Кредитный специалист предоставляет потенциальному заемщику до заключения договора о предоставлении микрокредита для ознакомления и выбора метода погашения микрокредита проекты графиков погашения, рассчитанных следующими методами погашения:

- методом дифференцированных платежей, при котором погашение задолженности по микрокредиту осуществляется уменьшающимися платежами, включающими равные суммы платежей по основному долгу и начисленное за период на остаток основного долга вознаграждение;

- методом аннуитетных платежей, при котором погашение задолженности по микрокредиту осуществляется равными платежами на протяжении всего срока микрокредита, включающими увеличивающиеся платежи по основному долгу и уменьшающиеся платежи по вознаграждению, начисленному за период на остаток основного долга. Размеры первого и последнего платежей могут отличаться от других.

Микрофинансовой организацией могут быть предложены дополнительные проекты графиков погашения микрокредита, рассчитанных в соответствии с правилами предоставления микрокредитов. Метод погашения выбирается клиентом до получения микрокредита.

2.5. Кредитный специалист «Береке» вправе отказать в рассмотрении заявки на микрокредит, если предварительная информация, предоставленная заемщиком, оказалась недостоверной.

2.6. Предварительная консультация и дальнейшая работа по сбору документов не обязывает «Береке» предоставить микрокредит.

2.7. Кредитный специалист предоставляет заявку потенциального заемщика со своим предварительным решением на рассмотрение кредитному комитету для принятия окончательного решения о предоставлении микрокредита.

2.8. Решение о предоставлении или отказе в предоставлении микрокредита принимается коллегиальным органом «Береке» - Кредитным Комитетом.

2.11. В случае положительного решения Кредитного Комитета, и предоставления всех документов, оформленных надлежащим образом, стороны подписывают договор о предоставлении микрокредита. Перечисление средств на счёт заемщика осуществляется после заключения договора о предоставлении микрокредита.

2.12. В случаях предоставления целевого микрокредита «Береке» имеет право осуществлять контроль его целевого использования разными способами, включая проверку документов, выезд на место бизнеса, а заемщик обязан обеспечить возможность осуществления «Береке» такого контроля.

### **III. Перечень документов, необходимых для получения микрокредита**

Для получения микрокредита заявитель-физическое лицо предоставляет:

3.1. заявление со сведениями о цели использования микрокредита (в случае предоставления целевого микрокредита), об имуществе, предоставляемом в обеспечение исполнения заявителем обязательств по погашению микрокредита и выплате вознаграждения, с указанием его стоимости, либо об отсутствии обеспечения;

3.2. документ, удостоверяющий личность заявителя (информацию о документе, удостоверяющем личность заявителя, содержащую фамилию, имя, отчество (при его наличии), индивидуальный идентификационный номер, дату рождения, номер документа, орган выдачи, дату выдачи и срок действия документа);

3.3. в случае, если предоставляемый микрокредит обеспечивается залогом имущества, - договор о залоге, копии документов, подтверждающих право собственности на имущество, а в случаях обязательной регистрации залога имущества - свидетельство о регистрации залога имущества;

3.4. документы и информация, необходимые для расчета коэффициента долговой нагрузки заемщика, а также иные документы, подтверждающие источники дохода, из которых будет производиться погашение;

3.5. согласие заемщика на предоставление информации о нем в кредитное бюро, а также согласия заемщика на выдачу кредитного отчёта получателю кредитного отчёта.

### **IV. Порядок заключения договора о предоставлении микрокредита.**

Договор о предоставлении микрокредита заключается в письменной форме на государственном и русском языках в 3 (трех) экземплярах, один для заемщика, два для «Береке».

Договор о предоставлении микрокредита содержит перечень обязательных условий, установленный нормативным актом уполномоченного органа. Договор о предоставлении микрокредита заключается на условиях присоединения, согласно ст. 389 Гражданского Кодекса Республики Казахстан к Договору присоединения, утвержденному Правлением МФО (протокол №17 от 04.12.2020г.) опубликованным на интернет – ресурсе МФО по адресу [www.bereke.kz](http://www.bereke.kz).

Потенциальный заемщик предоставляет в «Береке» документы и сведения, необходимые для заключения договора о предоставлении микрокредита и договора

обеспечивающего исполнение обязательств заемщика по нему.

Договор о предоставлении микрокредита может быть заключён только при условии предоставления в обязательном порядке минимального пакета документов, предусмотренного Законом РК «О микрофинансовой деятельности»:

1) заявление со сведениями о цели использования микрокредита (в случае предоставления целевого микрокредита), об имуществе, предоставляемом в обеспечение исполнения заемщиком обязательств по погашению микрокредита и выплате вознаграждения с указанием его стоимости, либо об отсутствии обеспечения;

2) копию документа, удостоверяющего личность заемщика-физического лица;

3) подлинники документов, подтверждающих право собственности (иные права) на имущество.

По микрокредиту, исполнение обязательства по которому обеспечено гарантией: копию документа, удостоверяющего личность гаранта - физического лица.

## **V. Суммы и сроки предоставления микрокредитов**

5.1 «Береке» предоставляет микрокредиты в размере, не превышающем 20000 (двадцатитысячекратного) размера месячного расчётного показателя на одного заёмщика.

5.2 Максимальные и минимальные суммы и сроки микрокредитов устанавливаются по каждому продукту отдельно и в зависимости от залогового обеспечения, суммы микрокредита, кредитной истории заёмщика.

5.3 Сроки предоставления микрокредитов для заёмщиков – от 2-х до 60 месяцев включительно.

## **VI. Предельные величины ставок вознаграждения за пользование микрокредитом.**

6.1. В зависимости от кредитного продукта максимальная годовая эффективная ставка может варьироваться до 56 %.

6.2. Ставки вознаграждения устанавливаются уполномоченным органом «Береке» индивидуально по кредитным продуктам.

6.3. Изменение ставок вознаграждения по ранее выданным микрокредитам может производиться на основании решения уполномоченного органа «Береке»

## **VII. Порядок выплаты вознаграждения по предоставленным микрокредитам.**

7.1. Заёмщик за пользование предоставленным микрокредитом обязуется оплачивать вознаграждение в размере и в сроки, установленные договором о предоставлении микрокредита. Выплата заемщиком вознаграждения за пользование микрокредитом осуществляется согласно графику погашения, прилагаемому к договору о предоставлении микрокредита.

7.2. Ставка вознаграждения за пользование предоставленным микрокредитом указывается в пересчёте на год независимо от срока предоставления микрокредита.

7.3. Вознаграждение по микрокредиту начисляется, исходя из фактического количества дней пользования микрокредитом и рассчитывается на базе календарного года, равного 360 дням, и 30-дневного месяца.

7.4 Оплата заёмщиком вознаграждения за пользование микрокредитом, а также микрокредита осуществляются согласно графику погашения.

7.5. В случае просрочки погашения очередного платежа начисляется пеня за просрочку согласно условиям договора о предоставлении микрокредита.

7.6. Сумма произведенного заемщиком платежа по договору о предоставлении микрокредита, заключенному с физическим лицом, в случае, если она недостаточна для исполнения обязательства заемщика по договору о предоставлении микрокредита, погашает задолженность заемщика в следующей очередности:

1) задолженность по основному долгу;

2) задолженность по вознаграждению;

3) неустойка (штраф, пеня) в размере, определенном договором о предоставлении микрокредита;

4) сумма основного долга за текущий период платежей;

5) вознаграждение, начисленное за текущий период платежей;



б) издержки микрофинансовой организации по получению исполнения.

### **VIII. Требования к принимаемому микрофинансовой организацией обеспечению.**

8.1. Исполнение обязательств заёмщиком договора о предоставлении микрокредита обеспечивается залогом и/или гарантией.

8.2. Гарантом может выступать физическое лицо, которое отвечает перед «Береке» полностью солидарно с заёмщиком.

8.3 В отношении потенциального гаранта проводится краткий анализ платежеспособности с целью определения, в состоянии ли он ответить по обязательствам заёмщика.

8.4 Залогодателем может выступать как сам заёмщик, так и третье лицо – физическое или юридическое.

8.5 В залог, по усмотрению «Береке», могут приниматься недвижимое и движимое имущество.

8.6 «Береке» принимает следующие виды залога: коммерческая и некоммерческая недвижимость, автотранспорт, товарно-материальные запасы, личное имущество, скот, сельхоз техника, оборудование.

8.7 Право собственности на предоставляемое залоговое имущество, должно быть оформлено в порядке, установленном действующим законодательством.

8.8 В случаях, предусмотренных законодательством Республики Казахстан, договор залога, подлежащий государственной регистрации, должен быть зарегистрирован в органе, осуществляющем государственную регистрацию данного имущества.

### **IX. Правила расчета годовой эффективной ставки вознаграждения.**

9.1. Годовой эффективной ставкой вознаграждения является ставка вознаграждения в достоверном, годовом, эффективном, сопоставимом исчислении по микрокредиту, рассчитываемая с учетом общей суммы вознаграждения, при наличии - комиссионных и иных платежей, подлежащих уплате клиентом за предоставление, обслуживание и погашение (возврат) микрокредита.

9.2. Размер годовой эффективной ставки вознаграждения по микрокредиту не должен превышать предельный размер, определенный нормативным правовым актом уполномоченного органа.

9.3. В каждом договоре о предоставлении микрокредита в обязательном порядке указываются номинальная ставка вознаграждения, а также годовая эффективная ставка вознаграждения, не превышающая установленную Национальным Банком Республики Казахстан максимальную годовую эффективную ставку вознаграждения. Порядок расчёта годовой эффективной ставки вознаграждения определён нормативными документами Национального Банка Республики Казахстан, рассчитывается по следующей формуле:

$$\sum_{j=1}^n \frac{S_j}{(1 + APR)^{t_j/365}} = \sum_{i=1}^m \frac{P_i}{(1 + APR)^{t_i/365}}$$

где:

n - порядковый номер последней выплаты заёмщику;

j - порядковый номер выплаты заёмщику;

S<sub>j</sub> - сумма j-той выплаты заёмщику;

APR - годовая эффективная ставка вознаграждения;

t<sub>j</sub> - период времени со дня предоставления микрокредита до момента j-той выплаты заёмщику (в днях);

m - порядковый номер последнего платежа заёмщика;

i - порядковый номер платежа заёмщика;

P<sub>i</sub> - сумма i-того платежа заёмщика;

t<sub>i</sub> - период времени со дня предоставления микрокредита до момента i-того платежа заёмщика (в днях).

9.4. Если при расчете годовой эффективной ставки вознаграждения полученное число имеет более одного десятичного знака, оно подлежит округлению до десятых долей следующим образом:

- 1) если сотая доля больше или равна 5, десятая доля увеличивается на 1, все следующие за ней знаки исключаются;
- 2) если сотая доля меньше 5, десятая доля остается без изменений, все следующие за ней знаки исключаются.

9.5. В расчет годовой эффективной ставки вознаграждения по микрокредиту включаются все платежи заемщика, за исключением платежей (пени, штрафа) заемщика, возникших в связи с несоблюдением им условий договора о предоставлении микрокредита по уплате основного долга и (или) вознаграждения.

9.6. При изменении условий договора о предоставлении микрокредита, влекущих изменение суммы (размера) денежных обязательств заемщика и (или) срока их уплаты, расчета уточного значения годовой эффективной ставки вознаграждения производится исходя из остатка задолженности, оставшегося срока погашения микрокредита на дату, с которой изменяются условия, без учета платежей по микрокредиту, произведенных заемщиком с начала срока действия договора о предоставлении микрокредита.

9.7. По действующему договору о предоставлении микрокредита, заключенному с заемщиком до введения в действие Правил расчета годовой эффективной ставки вознаграждения по предоставленным микрокредитам, утвержденными постановлением Правления Национального банка Республики Казахстан №208 от 26 ноября 2019г и в котором не указано значение годовой эффективной ставки вознаграждения, в случае внесения изменений и дополнений в договор о предоставлении микрокредита, в том числе по обращению заемщика, значение годовой эффективной ставки вознаграждения указывается в дополнительном соглашении к договору о предоставлении микрокредита, в случаях, указанных в п.9.6, на дату, с которой изменяются условия договора о предоставлении микрокредита, в остальных случаях - на дату заключения договора о предоставлении микрокредита.

#### **Х. Перечень комиссий и иных платежей, связанных с выдачей и обслуживанием микрокредита.**

10.1. МФО не взимает комиссии, связанные с получением, использованием и погашением (возвратом) микрокредита, однако в момент обналичивания микрокредита со счета заемщика либо со счета казначей группы в пользу банков второго уровня Республики Казахстан взимается комиссия за обналичивание микрокредита не более 1% от общей суммы микрокредита.

10.2. При погашении кредита взимается комиссия согласно тарифам банков второго уровня, терминалов платёжного сервиса "Касса24", и "Личной кассы" платёжного интернет-сервиса, которую заёмщик оплачивает самостоятельно.

10.3. К комиссиям и иным платежам, связанным с выдачей и обслуживанием микрокредита, выдаваемым физическому лицу, учитываемым при расчёте годовой эффективной ставки вознаграждения, относятся следующие комиссии и иные платежи:

- платежи заёмщика гаранту (поручителю) за получение гарантии (поручительства), оценщику за оценку передаваемого в залог имущества, оплату за регистрацию залога, оплаты услуг нотариуса и других платежей, связанных регистрацией залога;
- платежи клиента в пользу организаций (посредников), приему платежей и переводов от клиентов микрофинансовой организации в счет погашения микрокредитов.

#### **ХІ. Заключительные положения**

11.1. Настоящие Правила составлены на 5-и листах и являются открытой информацией.

11.2. «Береке» вправе в одностороннем порядке вносить изменения и дополнения в настоящие Правила.

11.3. Копия настоящих Правил подлежит размещению на интернет-ресурсе «Береке» по адресу [www.bereke.kz](http://www.bereke.kz), в офисах «Береке», доступном для обозрения и ознакомления с ней.